

БЕКІТІЛДІ  
«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ  
Басқарма төрағасы-ректоры м.у.а.  
Г.Бесбаевтың   
2025 ж. «08»/12 № ~~14~~ бұйрығы



**«М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ РЕТТЕУ  
ЖӨНІНДЕГІ ҚАҒИДАСЫ**

Шымкент, 2025 ж.

## Мазмұны

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Терминдер мен анықтамалар	3
4. Белгілер мен қысқартулар	4
5. Жалпы ережелер	4
6. Мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары	5
7. Құрылымдық бөлімдер жетекшілері мен жұмыскерлердің міндеттері	5
8. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралар	6
9. Мүдделер қақтығысын болғызбау	6
10. Мүдделер қақтығысының болуын анықтау	6
11. Мүдделер қақтығысын хабарлау және қарау тәртібі	7
12. Мүдделер қақтығысын жою	7
13. Құжаттаманы жүргізу және сақтау	8
14. Жауапкершілік	8
15. Қосымша 1	9
16. Қосымша 2	10

## 1. Қолдану саласы

1.1. «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (әрі қарай – университет) Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі Қағидасының (әрі қарай – Қағида) нормалары атқаратын лауазымына және қызметтік өкілеттіктеріне қарамастан университеттің ұйымдық құрылымдары, филиалдары мен өкілдіктері жұмыскерлеріне қолданылады.

1.2. Университеттің Басқарма төрағасы-ректоры, Басқарма мүшелері, жұмыскерлері мен білім алушылары Қағидамен танысқан сәттен бастап оны сақтау бойынша міндеттеме алады.

## 2. Нормативті сілтемелер

Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі қағида төмендегі нормативтік және ішкі актілерге сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (18.11.2015 ж) ;

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (ҚР БЖҒ министрінің 04.05.2020 жылғы № 174 бұйрығы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (ҚР БЖҒ министрінің 24.04.2020 жылғы №161 санды бұйрығы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаттарын енгізу бойынша әдістемелік нұсқаулар (ҚР БЖҒ министрінің 10.12.2021 ж № 587 бұйрығы);

- Квзимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы үлгілік ереже (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.03.2023 жылғы №112 бұйрығы);

- «М.Әуезов атындағы ОҚУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (Директорлар кеңесінің 27.01.2022 жылғы шешімі, №1 Хаттама).

## 3. Терминдер мен анықтамалар

Осы қағидада келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

**1. Мүдделер қақтығысы** – жұмыскердің немесе басшылық лауазымды атқаратын жұмыскердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

**2. Мүдделер қақтығысын реттеу** – мүдделер қақтығысын болғызбау, анықтау, жою бойынша шаралар кешені.

**3. Ықтимал мүдделер қақтығысы** – басшы лауазымды атқаратын жұмыскердің, жұмыскердің және олардың жақын туыстарының белгілі бір жағдайларда Университет мүдделеріне қайшы келуі мүмкін жеке мүдделері және Университет жұмыскерлерінің қызметтік міндеттерін орындауына әсер етуі мүмкін жағдайлар;

**4. Нақты мүдделер қақтығысы** - басшылық лауазымды атқаратын жұмыскердің немесе жұмыскердің және оның жақын туыстарының жеке мүдделері Университеттің мүдделеріне тікелей немесе жанама қайшы келетін жағдай;

**5. Жұмыскердің жеке мүддесі** – жұмыскердің немесе басшылық лауазымды атқаратын жұмыскердің, оның жақын туыстарының өз міндеттерін орындау кезінде оның жақын туыстарының еңбек немесе қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына әсер ететін ақша, жылжытатын және жылжымайтын мүлік;

**6. Үлестестік** – мүдделер қақтығысы субъектілерінің өзара байланысы (туыстық, достық, қызметтік байланыстар, ғылыми және білім беру ынтымақтастығы және басқасы).

**Ескертпе.** Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, адамның отбасы мүшелері деп оның жұбайы (зайыбы), ата-аналары, балалары, оның ішінде кәмелетке толған балалары және асырауындағы және онымен тұрақты тұратын адамдар түсініледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі.

#### **4. Белгілер мен қысқартулар**

**КЕ АҚ** – коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**ОҚУ** – Оңтүстік Қазақстан университеті

**ПОҚ** – профессор-оқытушылар құрамы

#### **5. Жалпы ережелер**

5.1. Осы қағида М.Әуезов атындағы ОҚУ ұйымдық құрылымдарындағы, филиалдары мен өкілдіктеріндегі мүдделер қақтығысын анықтау, алдын алу, реттеу және жою тәртібін айқындайды және реттейді.

5.2. Осы қағида Университетте орын алған және туындауы мүмкін мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу жөніндегі негізгі ішкі құжат болып табылады және барлық қызметкерлер бұлжытпай орындауы тиіс.

5.3. Қағида:

- мүдделер қақтығысының ықтимал тәуекел факторларын;
- алдын алу уақытылы анықтау әдістерін;
- мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты ашу тәртібін анықтау мақсатында дайындалған.

## **6. Мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары**

6.1. Университет басшылығы мен жұмыскерлері мүдделер қақтығысын реттеудің келесі негізгі қағидаларын ұстануы керек:

- заңдылық, ашықтық және объективтілік;
- мүдделер қақтығысын реттеуде Университет пен жұмыскер мүдделерінің теңгерімін сақтау;
- ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығыстары туралы ақпаратты уақтылы ашу;
- мүдделер қақтығысын болғызбау бойынша алдын алу шараларының басымдылығы;
- ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;
- жеке жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы.

## **7. Құрылымдық бөлімдер жетекшілері мен жұмыскерлердің міндеттері**

7.1. Университеттің құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері мен жұмыскерлері осы қағидада белгіленген нормаларды басшылыққа алуға, сондай-ақ мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін жағдайлардан тартынуға міндетті.

7.2. Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен жұмыскерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде:

- осы қағиданың және университеттің басқа да ішкі актілерінің талаптарын сақтауға;
- туындаған мүдделер қақтығысын реттеуге ықпал етуге;
- тікелей басшысын ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы туралы хабарлауға;
- ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығыстарының орын алғаны туралы Әкімшілік департаментке жазбаша түрде уақтылы хабарлауға;
- қажет болған жағдайда өзі, өзінің жақын туыстары туралы мәліметтерді толық және шынайы ашып көрсетуге;
- мүдделер қақтығысын туындататын жағдайлардан аулақ болуға міндетті.

7.3. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат мүдделер қақтығысы қатысушылары назарына жеткізіледі.

## **8. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралары**

8.1. Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шаралар:

- осы қағиданың талаптарымен таныстыру;
- жұмыскерлермен түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізу;
- мүдделер қақтығысын анықтау, алдын алу, қарау және жою;
- анықталған мүдделер қақтығысын тіркеу және есепке алу;
- мүдделер қақтығысын қасақана жасыру фактілері бойынша тәртіптік жаза қолдану.

8.2. Заңнама талаптарына сәйкес, мүдделер қақтығысын реттеудің өзге де шаралары қолданылуы мүмкін.

## **9. Мүдделер қақтығысын болғызбау**

9.1. Мүдделер қақтығысын болғызбау үшін Университеттің басшылық лауазымды атқаратын жұмыскерлері мен жұмыскерлері келесі жағдайларда хабарлауға міндетті:

- басшының өзінің тікелей бағыныстылығында жақын туыстары болса;
- егер басшы жақын туысы, отбасы мүшелері болып табылатын жұмыскерге, білім алушыға қатысты шешім қабылдауға (соның ішінде сыйақы, үстеме ақы беру) қатысатын болса;
- жақын туыстарына, отбасы мүшелеріне қатысты оқыту және бағалау қызметін іске асыру кезінде;
- жақын туыстары мен отбасы мүшелері жұмысқа орналасу кезінде;
- контрагенттерді тексеру үшін мәмілелер/келісімшарттар жасау кезінде.

9.2. Мүдделер қақтығысының туындау тәуекеліне ұшыраған салаларға мониторинг Жоғары және (немесе) жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдарында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.

## **10. Мүдделер қақтығысының болуын анықтау**

10.1. Университетте ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы:

- мүдделер қақтығысы туралы хабарламалар;
- басшылық лауазымды атқаратын жұмыскерлердің мүдделер қақтығысы туралы жыл сайын ұсынатын ақпараты;
- Университеттегі бос лауазымдарға үміткерлерді тағайындау кезіндегі мүдделер қақтығысын анықтау;
- Әкімшілік департамент пен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тарапынан ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының туындауы туралы ақпаратты ашу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу;
- мүдделер қақтығысының туындау тәуекеліне ұшыраған салаларға мониторинг жүргізу арқылы анықталады.

10.2. Бұл негіздер тізімі толық деп саналмайды. Мүдделер қақтығысының болуы қабылданған шағымдар/арыздар, өтініштер негізінде, Басқарма төрағасы-ректорының өкімімен, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-комплаенс қызмет пен Әдеп бойынша кеңес бастамасымен жүргізілген қызметтік тексеру нәтижелері бойынша да анықталуы мүмкін.

## **11. Мүдделер қақтығысын хабарлау және қарау тәртібі**

11.1. Мүдделер қақтығысы туралы хабарлау.

Университет жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысының туындауы/болуы туралы хабарлау осы қағиданың 1-қосымшасына сәйкес толтырылған нысанды және растайтын құжаттардың көшірмесін Әкімшілік департаментіне беру арқылы жүзеге асырылады.

11.2. Мүдделер қақтығысының ықтималдығы туралы жыл сайынғы хабарлама. Құрылымдық бөлімдер жетекшілері жыл сайын тиісті құрылымның штат құрамы бекітілгенге дейін ықтимал мүдделер қақтығысы туралы Әкімшілік департаментіне хабарлауы керек.

11.3. Ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының туындауы фактісі туралы хабарлау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Университет жұмыскері мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, ол 3 жұмыс күні ішінде өзінің тікелей басшысына жағдай туралы хабарлауға және осы қағиданың 1 қосымшасына сәйкес университет басшылығына хабарлауға (қажет болған жағдайда, растайтын құжаттарды ұсына отырып) міндетті;

Жұмыскер ұсынған құжаттарды Әкімшілік департамент мүдделер қақтығысының бар немесе жоқтығына тексереді. Мүдделер қақтығысы туындаған/орын алған жағдайда Әкімшілік департамент бұл туралы Басқарма төрағасы-ректорға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жазбаша хабарлайды.

Басқарма төрағасы-ректор университеттің тиісті құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, мүдделер қақтығысын реттеу және жою бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

11.4. Әкімшілік департамент жұмыскермен еңбек шартын түзгенге дейін:

- жұмыскерді қабылдаған немесе тағайындаған жағдайда мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін ақпаратты жинауы;

- ақпаратты бағалауы;

- Басқарма төрағасы-ректорға және Комплаенс-қызметке мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпарат ұсынуы;

- мүдделер қақтығысына әкелетін кез келген ақпаратты немесе хабарламаларды қарастырып, олардың әсерін анықтауы тиіс.

11.5. Мүдделер қақтығысының болуын қасақана жасыру анықталған жағдайда Әкімшілік департамент және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Басқарма төрағасы-ректорға хабарлайды.

11.6. Мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді қасақана жасырған жұмыскер тәртіптік жауапкершілікке тартылады, тәртіптік жаза қолдануды Әдеп жөніндегі кеңес қарайды.

## **12. Мүдделер қақтығысын жою**

12.1. Мүдделер қақтығысын жою бойынша шаралар:

- 1) тікелей бағынысты жұмыскерді басқа құрылымға/ басқа лауазымға ауыстыру;
- 2) лауазымдық міндеттерді орындауды басқа адамға тапсыру немесе лауазымдық міндеттерін қайта қарау;
- 3) лауазымдық міндеттерін өзгерту;
- 4) жұмыскердің мүдделер қақтығысының пәні болып табылатын мәселелерді талқылау және шешім қабылдау процесіне қатысудан ерікті түрде бас тартуы немесе мәжбүрлеп (тұрақты немесе уақытша) шеттету;
- 5) мүдделер қақтығысы жағдайында қабылданған шешімнің күшін жою немесе оны бөліктер бойынша толықтыру/өзгерту;
- 6) заңнамамен тыйым салынбаған өзге де шаралар.

12.2. Ерекше жағдайларда, егер қызметкер Университет мүдделеріне қайшы келетін жеке мүдделерінен бас тартпаса, жұмыскерге тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

12.3. Ақпараттың құпиялылығы. Мүдделер қақтығысын реттеуге қатысатын ұйымдық құрылымдардың басшылары мен жұмыскерлері алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

## **13. Құжаттаманы жүргізу және сақтау**

13.1. Әкімшілік департамент мүдделер қақтығысының тізілімін жүргізеді. Мүдделер қақтығысы туралы хабарламалар және басқа да ақпараттар Әкімшілік департаментінде сақталады.

13.2. Әр жылдың бірінші және екінші жартыжылдығында Әкімшілік департамент Басқарма төрағасы-ректорға және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке анықталған мүдделер қақтығысы туралы ақпарат ұсынады.

13.3. Әкімшілік департамент уақытылы және толық көлемде мүдделер қақтығысының есебін жүргізу, тіркеу және сақтау арқылы есепке алуға міндетті.

## **14. Жауапкершілік**

14.1. Барлық жұмыскерлер, атқаратын лауазымына қарамастан, осы қағида талаптарының сақталуына, сондай-ақ мүдделер қақтығысының болуы туралы уақтылы және толық ақпарат беруге дербес жауапты болады.

14.2. Осы қағиданың талаптарын бұзған жұмыскерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

14.3. Жұмыскердің мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жасыруы, уақтылы немесе толық жария етпеуі, себептеріне қарамастан осы қағида нормаларын сақтамау ретінде қарастырылады.





«М.Әуезов атындағы ОҚУ»  
КЕ АҚ-ның Мүдделер  
қақтығысын анықтау және  
реттеу жөніндегі қағидасына  
1 - Қосымша

«М.Әуезов атындағы ОҚУ» КЕ АҚ  
Басқарма төрағасы-ректоры

\_\_\_\_\_

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ж.)

\_\_\_\_\_

(лауазымы, құрылым атауы)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ж.толық)

**ЫҚТИМАЛ немесе нақты мүдделер қақтығысының туындағаны  
/орын алуы/ туындау мүмкіндігі туралы  
ХАБАРЛАМА**

Мен,

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ж.толық)

Хабарлама арқылы ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының туындағаны/орын алуы /туындау мүмкіндігі туралы хабарлаймын және мүдделер қақтығысын реттеу бойынша шаралар қабылдауыңызды сұраймын.

Мүдделер қақтығысын туындататын/туындатқан немесе туындатуы мүмкін жағдайларға сипаттама:

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

\_\_\_\_\_

(қолы)